

"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қазандағы № 980 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 732 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қазандағы № 980 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен құрамына қосымшаға сәйкес «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамдағы мемлекеттік органдардың өкілдерін сайлауды қ а м т а м а с ы з е т с і н . » ;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Б.Сағынтаев</i>	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2016 жылғы 24 қарашадағы	
№ 732 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2008 жылғы 24 қазандағы	
№ 980 қаулысына	
қосымша	

«Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мемлекеттік органдардың өкілдері

А б а е в Дәурен Әскербекұлы	-	Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
Ә б і л қ а с ы м о в а Мәдина Ерасылқызы	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
К а д ю к о в Николай Викторович	-	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары
Ж а х м е т о в а Жанат Зәрубекқызы	-	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпараттандыру департаменті директорының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК